

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 3 шешімі Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы, 2-тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Түркістан қалалық аумақтық инспекциясының 2025 жылғы 23 мамырдағы №08-02-07/308 санды ұсыныс хатына сәйкес, Түркістан қаласының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасы АШМ ВБЖҚК "Республикалық Ветеринариялық Зертхана" ШЖҚ РМК ОҚӨФ-ның 22.05.2025 жылғы SO-25-X14(01)-00525/X-797-A-E сараптау актісінің қорытындысына сәйкес, Түркістан қаласы, Ә. Ахметов көшесі мекен-жайынан "құтыру" ауруының "оң" нәтижесі анықталуына байланысты, Түркістан қаласы Ә. Ахметов көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Төлегеновке жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізілсін.

Қала әкімі

Ә. Пазылбекұлы